




ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ
ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

6-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



ИНСУЛЬТАН КЕЙІН
КҮТІМ КЕРЕК

8-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



БАЛЕТ БИШІСІНІҢ
БИГІ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

СЫН САФАТТА ЕЛІМІЗ ЫРЫСТЫ ЫНТЫ-
МАҒЫН ТАНЫТТЫ. БІЗ ТАБИҒИ АПАТ
КЕЗІНДЕ ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ.
БІРТҮТАС ЕЛ ЕКЕНІМІЗДІ КӨРСЕТТІК. ҚҰТ-
ҚАРУШЫЛАР, ӘСКЕРИЛЕР, ІШКІ ІСТЕР ОР-
ГАНДАРЫ МЕН ӘКІМДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕДІ. ОЛАР ОТАН
АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫН МІНСІЗ АТҚАРДЫ.
БІР СӨЗБЕН, АНТҚА АДАЛ БОЛДЫ.

№73
(4661)

Бейсенбі
20 маусым
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҰСЫНЫЛДЫ

Астанада 2024 жылдың 3-4 шілдесінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының саммиті өтеді. Бұл күндері қауіпсіздік шаралары күшейтіледі.

Азаматтарға ыңғайлы болу мақсатында, әсіресе жолдарда кептеліс болмас үшін 2-4 шілде аралығында мемлекеттік мекемелерге және квазимемлекеттік секторларға қызметкерлерінің 70%-ына дейін қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру ұсынылады. Сол сияқты 3-4 шілде күндері мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істемейді.

Бұл – ірі халықаралық іс-шараларды өткізу барысында күшейтілген қауіпсіздік шаралары қабылданатын және азаматтарға ыңғайлы болу үшін ішінара қашықтан жұмыс істеу тәртібі енгізілетін әлемдік тәжірибе.

ЕЛОРДА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА

26 маусым Халықаралық есірткі заттарын теріс пайдаланумен және олардың заңсыз айналымымен күрес күні аталып өтеді. Осы күнге орай Астанада «Астана – есірткісіз қала!» есірткіге қарсы ауқымды шарасы өтеді.

«Астана – есірткісіз қала!» акциясы 22 маусымда «Хан Шатыр» СОО-да сағат 13:00-ден 16:00-ге дейін, сондай-ақ Есіл жағалауындағы амфитеатрда сағат 17:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Оған қазақстандық эстрада мен спорт жұлдыздары, спорттық, вокалдық және би ұжымдары қатысады.

ДЕМАЛЫСТЫ ДӘСТҮРМЕН ҰШТАСТЫРЫП...

Биыл елордада мектеп оқушыларын жазғы демалыспен қамтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бүгінгі таңда Астана қаласының білім беру ұйымдарында 97 мектеп жанындағы лагерь, 75 бейіндік және 21 этно-лагерь жұмыс істейді. Лагерьлер сауықтыру және еңбек ету бағыттары бойынша екіге бөлінген. Ол ішінара тағы бірнеше бағытқа бөлінеді. Атап айтқанда, бейіндік лагерь, мектеп жанындағы лагерь, этно-лагерь және спорттық лагерь.

АЛТЫНШЫ АУДАН – САРАЙШЫҚ

Елордада жаңадан ашылатын ауданның атауы Сарайшық деп аталады. Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар елорданың алтыншы ауданының атауын бірауыздан бекітті.

Жаңа ауданға қандай атау берілетіні жөнінде қалалық ономастикалық комиссияға 15-жуық ұсыныс түскен болатын. Олардың ішінен Сауран, Сарайшық, Тұран және Жерұйық атаулары іріктелген. Ал ономастика-

лық комиссияның соңғы отырысында көпшілік дауыспен Сарайшық атауы таңдалып, мәслихатқа ұсынылған. Енді бұл шешім республикалық ономастика комиссиясына жолданады.



МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖОБА

Елордада жүзеге асырыла бастаған «JOLTAP» әлеуметтік жобасы арқылы жүздеген адам жаңа мандықты игеріп, жұмысқа орналасты.



Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған жоба аясында мемлекеттік қолдау шаралары, атаулы әлеуметтік көмек, бизнес ашуға құжаттарды рәсімдеу және жұмысқа орналасу бойынша кеңестер беріледі. Жоба басталғалы

2 мыңнан аса астаналық түрлі мамандықтар бойынша оқыту курстарынан өтті.

«JOLTAP» жобасы аясында қаланың ірі ауданында «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері жұмыс істейді.

5

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 482.21 \$ USD/KZT 450.79 ₰ RUB/KZT 5.05 ¥ CNY/KZT 62.14

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



БІРТҰТАС ЕЛ ЕКЕНІМІЗДІ КӨРСЕТТІК

Президент, ең алдымен, бұл бұрын ешқашан болмаған ең жойқын табиғи апат екенін атап өтті. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Жалпы, ел көлемінде 19 мыңнан астам тұрғын үйді су басты. «Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылдық. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерилер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен, антқа адал болды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев топан сумен күреске күштік құрылымдардың 63 мыңнан астам қызметкері атсалысқанына назар аударды. Құтқару операциясы барысында 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 40 мың бала қауіпсіз жерге көшірілді. «Бұл – құтқарушылар мен ұшқыштардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбаев «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі табиғи апат болған сәттен бастап ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді» деді Президент.

Мемлекет басшысы Кентау қаласында тұратын Гауһар Шаймерден есімді оқушы қыздың ата-анасына отаншыл ұрпақ өсіріп жатқаны үшін алғыс айтты. Ол өзі жинап жүрген қаржысын Құлсары қаласының тұрғындарына аударған. Сонымен қатар Атырау облысының тұрғындары – тоқсаннан асқан Орынша Тоқтыбақызы мен Әлия Досмұханованың ерен еңбегін ерекше атап өтті.

НАҒЫЗ ДОСТЫҚ ҚИЫНДЫҚТА СЫНАЛАДЫ

Бұдан бөлек, Президент көмек бергені үшін бауырлас мемлекеттерге, халықаралық компаниялар мен ұйымдарға ризашылығын білдірді. «Нағыз достық қиындықта сыналады деп тектен-тек айтпайды. Кейбір шетелдік азаматтар зардап шеккен адамдарға жәрдемдесу үшін арнайы келді. Осы сәтті

СЫН САҒАТТА ҮНТІМАҒЫМЫЗДЫ ТАНЫТТЫҚ

Ақордада су тасқынымен күреске белсене атсалысқан азаматтарды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жиында сөз сөйледі.



пайдаланып, қиын-қыстау шақта қолдау білдіргені үшін шетелдік серіктестерімізге және достарымызға шын жүректен ризашылығымызды білдіремін» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, су тасқыны кезінде халқымыз бірлігі бекем, ынтымағы берік ел екенін көрсетті. «Алапат су тасқындап келіп қалғанда, отандастарымыз табиғат апатымен күресіп жатқан құтқарушыларға көмек қолын созды. Олар су басқан аймақтарда жауапты қызмет мекемелеріне жәрдемдесіп, жанқиярлықпен әрекет етті әрі батылдық танытты. Көбі адамдар мен жануарларды өз көліктерімен қауіпсіз жерге алып шықты. Мыңдаған жанашыр азамат тасқын судан қорғайтын бөген салуға қатысты. Ортақ күш-жігердің арқасында біз жағдайдың ушығып кетуіне жол бермедік» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БҮГІНГІ БАТЫРЛАРЫНА АЛҒЫС АЙТТЫ

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өздерін нағыз отаншыл әрі жауапты азамат ретінде көрсеткен еріктілердің еңбегін

жоғары бағалап, оларды қазіргі заманның батырлары деп атады. «Мен еріктілер қозғалысының дамуына айрықша мән беремін. Өздеріңізге мәлім, 2020 жылды Волонтер жылы деп жарияладық. Осы уақыт ішінде еліміздегі волонтерлік қызмет мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Еріктілердің күш-жігерінің арқасында маңызды бастамалар мен жобалар жүзеге асты. Ең бастысы, біз адамдардың мемлекет пен қоғам өміріне араласуға, адами қызығушылықпен қарайтын қажет екенін сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент баспанасыз қалған адамдарға «Қазақстан халқына» қорынан тұрғын үй салуға қаражат бөлінгенін айтты. Жалпы, 2200-ден астам үй салынады. Сондай-ақ 10 мыңға жуық баспана күрделі жөндеуден өтеді. «Тасқынның зардабын жоюға бірқатар кәсіпкеріміз қомақты қаражат бөледі. Олар әрдайым

туған елімен бірге екенін нақты іспен дәлелдеді. Ұлт мүддесіне сай жауапкершілігі мол кәсіпкерлік дегеніміз – осы. Әрине, қалыс қалған кәсіпкерлер де аз емес, олардың кім екенін де жақсы білеміз. Біз ешкімді мәжбүрлеген жоқпыз. Әркім өз

таңдауын жасады» деді Мемлекет басшысы.

ЖУРНАЛИСКЕ ЖАСАЛҒАН ҚАСТАНДЫҚҚА ШКІР БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Киевте Қазақстан журналисіне жасалған қастандық әрекетке қатысты пікір білдірді. «Елімізде Заң үстемдігін нығайтып жатырмыз, яғни барлық салада, ең алдымен, Заң үстемдігін қамтамасыз ету – басты міндет. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым – айқын. Мұны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Қазақстанда Заң мен тәртіп бәрінен биік тұруға тиіс. Сондықтан қоғамдағы барлық қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді тек қана құқықтық тұрғыдан, яғни тиісті Заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес шешу қажет. Кеше Қазақстан азаматы Айдос Садықовқа қатысты Киевте болған қылмысқа да дәл осы ұстаным тұрғысынан қараған жөн. Мен дипломатиялық арналар мен құқық қорғау органдары арқылы осы оқиға бойынша Украина тарапына ресми сұратулар жіберу туралы нақты тапсырма бердім. Сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстанның ресми органдары істің ақиқатына же-

түге жәрдем беру үшін тергеу жұмысына қатысуға дайын екенін айтқым келеді» деді Президент.

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, апат салдарын жоюға атсалысқан әр азаматқа шынайы ризашылығын білдірді. «Баршаңызға мәлім, қазір «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Бұл – өте маңызды әлеуметтік, тіпті саяси жоба. Оның түпкі мәні – ұлтты ортақ іске ұйыстырып, елімізді көркейте түсу, халқымыздың жаңа экологиялық сана-сезімін дамыту. Бұған, ең алдымен, өздеріңіз сияқты адал азаматтар ұйытқы болады. Ел мүддесі үшін жасалған еңбек пен ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан бүгінгі марапатты халықтың сіздерге деген зор алғысы деп қабылдаған жөн» деді Президент.

Марапаттау рәсімінде «Загіптар арманы» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің іс жүргізушісі Әлия Досмұханова, «Основание» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің экскаваторшысы Владимир Царик және «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе филиалының су беруді реттеушісі Шыңғыстау Әбдиев сөз сөйледі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы шараларға белсене атсалысқан бір топ құтқарушыны, волонтерлер мен қоғам белсенділерін, әскери қызметшілер мен дәрігерлерді, қарапайым жұмысшыларды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен ірі бизнес өкілдерін марапаттады.





УӘКІЛ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваны қабылдады. Президентке бір жыл ішінде балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бағытында қабылданған заңнамалық өзгерістердің нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары күшейтілгенін және балаларға қатысты зорлықтың кез келген түріне жаза қатаңдатылғанын атап өтті. Заңға Бала құқықтары жөніндегі уәкіл мен азаматтық қоғам секторы бірлесіп ұсынған нормалар топтамасы енді.

Динара Зәкиеваның айтуынша, қазір аталған заңнамалық нормаларды нақты жүзеге асыру үшін белсенді жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, «111» бірыңғай байланыс жүйесі іске қосылды. Сондай-ақ мектептерде булингпен күресу үшін KiVa бағдарламасы және 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап қауіпсіздік сабақтары

енгізіледі. Балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері үшін арнайы оқу курсы басталады. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарын күшейту мәселесі пысықталып жатыр.

Бұдан бөлек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен, сондай-ақ «Қазақстан халқына» және «Қамқорлық» қорларымен серіктестік негізде 6 аутизм орталығы, 11 өңірлік оңалту орталығы ашылды.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің есебін тыңдаған соң Президент құқықтық сауаттылық деңгейін көтеру және оқушылар арасында «Заң мен тәртіп» қағидатын насихаттау маңызды екенін айтты. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында берген тапсырмасына

сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленгенін еске салды. Аталған бағдарлама өскелең ұрпақтың бойына адами және ұлттық құндылықтарды сіңіріп, олардың шығармашылық қабілетін шыңдауды, өз бетінше әрекет ету және креативті ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. Динара Зәкиеваға осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін педагогтар мен атаналардың арасындағы жұмысты үйлестіру міндеті жүктелді.

Кездесу барысында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй бөлу, сондай-ақ ауылдық жерлерде жеткіншектерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы балалар мен жөспірімдер арасында суицидке итермелейтін жағдайлардың белең алуына жол бермеу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет екенін назар аударды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев балалар травматизмі мен оқыс оқиғалардың алдын алу мәселесін айрықша бақылауда ұстауды тапсырды.

ТҰҢҒЫШ «ДӘРІГЕР-TALKS» ӨТТІ

Ел тарихында тұңғыш рет UMC медицина мектебінде Аманат партиясының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің спикері Ерлан Қошановтың, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың қатысуымен ҚР медицина қызметкерлері күніне орайластырылған «Дәрігер-Talks» кейс-платформасы өтті. Бұл туралы Астана қаласы мәліхатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Дәрігер-Talks» медицина және медициналық көмек көрсету саласындағы жұмысқа байланысты жеке оң тарихы бар еліміздің түкпір-түкпірінен келген медицина қызметкерлері арасынан қатысушыларды іріктеу жолымен өтті. Медицина қызметкерлерінен басқа, кейс-платформада спикерлер ретінде медицина қызметкерлеріне шын

жүректен алғыс пен шабыт білдірген емделушілер сөз сөйледі. Ал кәсіби мереке құрметіне ерекше көзге түскен медицина қызметкерлері партиялық және ведомстволық наградалармен, сондай-ақ «Мейірім жүректен» төсбелгілерімен марапатталды. Бұл басқосу жыл сайын өтеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚОРЛАУ – ШЕКТЕН ШЫҚҚАНДЫҚ

Бабадан қалған ең қастерлі мұрамыздың бірі – киіз үй еді. Сан ғасыр бойы хандарымызға еңсесі биік ақ орда, халқымызға құт ұялаған баспана болған сол киіз үйге және басқа да құндылықтарымызға ақпараттық шабуыл да басталды.

Күні кеше оюлаған киіз үйде ұлттық киім киіп, жартылай жалаңаштанып ойқастаған үшеудің әлеуметтік желіні шарлаған бейнеролигі исі қазақтың ашу-ызасын тудырып отыр. Халықтың бұған наразылығы әбден орынды.

Ең аяулы дүниенің қалай таптаса, ұлттық киіммен жалаңаштанса, төрінде әуретін ашып тайраңдаса – бұл бүкіл ұлтты, дені қазақ, рухы биік елімізді қорлаумен пара-пар. Ең сорақысы – әлгі жын-ойнақтағы үш ұзынның ортадағы «сирқтық примасы» ез екен.

Бұл – халқымызға қарсы мысық тілеулі, теріс ниеттілердің алдын ала жете ойластырып, қазақты дүниені, ұлттық құндылықтарды құнсыздандыруға, мазақ етуге бағытталған қасақана жаулық әрекеті деп білеміз. Тал түсте төрімінде тайраңдағаны – нағыз басынғандық. Олар бүгін төрімінде тайраңдаса, ертең төбемізде ойнамасына кім кепіл?! Сондықтан бұған көз жұмып қарап, жай қалдыра салуға болмайды.

«Албасты қабаққа қарап басады» деген. Бұл, біріншіден, қоғамның осы әрекетке қалай үн қататынын байқайын деген астыртын сырт тарту тәсілі болса, екіншіден, ЛГБТ насихатына тосқауыл қоймақ талапқа деген ашық қарсылық, үшіншіден, өскелең буынды өз ұлттық құндылықтарынан жеріндіру әрекеті.

Бұл мәселені біз бір топ депутат былтыр Мәжіліс мінберінен көтеріп, барлық платформаларда, әлеуметтік желілерде ұлттық мәдениетімізге сәйкес келмейтін ақпараттық өнімдерді таратуға тыйым салуға, теріс

ағымдарды насихаттайтын ақпарат көздерінен сақтайтын заң нормаларын әзірлеуді ұсынған болатынбыз.

Ал таяуда қоғам белсенділері ЛГБТ насихатына қарсы петиция жариялаған еді. Небәрі 2 аптада осы талапты қолдап, 50 мың қол жиналды.

Бұл – ЛГБТ-нің елімізге қажетсіз әрі жат құбылыс екендігінің, оған халықтың ашық қарсылығының анық көрінісі. Алда өтетін петиция қорытындысын қарау отырысына қоғам белсенділерін, ұлт жанашырларын белсене қатысуға шақырамын.

Бейнероликтегі ұлттық құндылықтарымызды қорлау көрінісі – әбден шектен шыққандық. Сондықтан құқық қорғау органдары осы мәселе бойынша нақты құқықтық бағасын беруі тиіс. Бұдан былай ұлттық құндылықтарымыз – домбыра, қобыз, киіз үй, ұлттық киім, ұлттық тағам секілді асыл жәдігерлерімізді қандай да теріс мақсатта пайдалану, мазақ ету – ұлт намысына қол сұғу, ұлттың беделін түсіруге бағытталған қылмыстық әрекет деп бағаланып, қылмыстық жауаптылықпен жазалануы тиіс.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына, Ұлттық Қауіпсіздік комитетіне аталған бейнеролик бойынша құқықтық баға беріп, оған қатысты нақты шара қолдануды сұраймыз.

Ата дәстүрімізге қол сұғу – ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіру, ұлттық құндылықтарды түбірімен жоюмен тепе-тең.

Самат МҰСАБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

КАДР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен Ұлттық кәсіптік біліктілік кеңесінің кезекті отырысы өтті. Оның шеңберінде салалық біліктілік жүйелерін дамыту, кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жөніндегі іс-шаралар мен жоспарлар қаралды.

Қазіргі уақытта орталық мемлекеттік органдар жанынан салалық кеңестер құрылып, оған сарапшылар, оқу орындарының өкілдері мен жұмыс берушілер тартылды. Олардың әзірлеген кәсіби стандарттары негізінде жоғары оқу орындары мен колледждердегі білім беру бағдарламалары түзетіледі. Бұл ретте түлектердің құзыреттерін тәуелсіз сертификаттау орталықтары бағалайды. Осылайша, еңбек нарығының сұранысына сәйкес келетін сапалы кадр даярлау процесі жетілдірілуде.

Отырыс барысында көлік және қаржы министрліктерінің осы бағытта атқарып жатқан жұмыстары қаралды. Көлік вице-министрі Сәтжан Абдалиев ведомство жанынан 6 салалық кеңес жұмыс істейтінін хабар-

лады. Олар теміржол, су, автомобиль көлігі және жолдар, сондай-ақ азаматтық авиация салаларын қамтиды. Кеңес қазірдің өзінде 711 кәсіпті қамтитын 101 кәсіби стандартты әзірлеген. Биыл тағы жаңадан 19-ын әзірлеп, 31-ін өзектендіру жоспарлануда.

Көлік министрлігінің болжамына сәйкес, 2030 жылға дейін аталған салаларға 8,8 мыңға жуық маман қажет болады. Қазір кадрлар 49 жоғары оқу орындарында және 280-ден астам колледждерде даярлануда. Вице-министр оқу орындарының саны көп көрінгенімен, кейбір мамандықтар бойынша мысалы, көпірлер мен теміржолдар құрлысы бойынша оқитын студенттер аз екенін атап өтті. Сондықтан Ғылым және жоғары білім

министрлігімен бірлесіп гранттарды қайта бөлу мәселесі қаралуда.

Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейілдің мәліметінше, жетекшілік ететін салада «бухгалтер» мамандығы бойынша бір кәсіби стандарт пайдаланылады. Оны озық жоғары оқу орындарының білім бағдарламалары бойынша өзектендіру көзделіп отыр. Бұл ретте ACCA (Association of chartered certified accountants) халықаралық біліктілігі бойынша студенттерді оқыту және сертификаттау мәселесі қарастырылуда. Осылайша, диплом алған және өз біліктілігін растаған түлектерді жұмысқа орналастыру процесін жеңілдету жоспарланған.

«Сертификат тәуелсіз орталықтар тарапынан берілуі маңызды. Ол бойынша жұмыс берушінің маман біліктілігіне қатысты пікірі қалыптасады. Оқу орнының имиджі де осыған тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда, біз осы немесе басқа мамандықты игеріп жатқан азаматты сапалы жұмыс орнымен қамтамасыз ету үшін жағдай жасауымыз керек» деп атап өтті Тамара Дүйсенова.



ЖАҢА АУДАН АТАУЫН ҚОЛДАДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек және елорданың жаңа алтыншы ауданына атау беру мәселелері қаралды.

Былтыр күзде елорда мәслихатының шешімімен бекітілген «Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын айқындау ережесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Тиісті өзгерістермен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб таныстырды.

Оның айтуынша, аталмыш құжатқа сәйкес асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алатындарға коммуналдық төлемдер төленеді. Алайда бұл төлемдерді беру тәртібі, қажет құжаттар тізімі нақтыланбаған еді. Қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы да жалдамалы пәтерге 50 пайыз мөлшерінде суб-

сидия бергенде коммуналдық төлемдерді өтейді.

– Бұл жағдай екі жақты қаржыландыруды тудырып отыр. Сондықтан тиісті ережеге субсидия алатындар коммуналдық төлемдерге көмекті Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасынан алмасын деген өзгеріс енгізіп отырмыз, – деді Илья Скуб.

Басқарма басшысы зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған Қатаркөлдегі бейімдеу орталығындағы баға өзгергенін айтты. Бәрінің қымбаттауына байланысты тиісті орталық ұсынатын қызметтің бағасы өсті. Сондықтан мемлекеттен бұған берілетін көмек артып отыр. Мәселен, бұрын зейнеткер ем алу қаржысының 25 пайызын төлесе,

мемлекет 75 пайызын өтеп беретін. Енді мемлекет тарапынан 80 пайыз көмек берілсе, зейнеткер 20 пайызын төлейді. Қоғамдық кеңес мүшелері бұл шешімді бірауыздан қолдады.

Елорданың жаңа ауданына атау беруге қатысты қалалық ономастика комиссиясының шешімімен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп таныстырды. Оның мәлімдеуінше, тиісті комиссия, Тұран, Сауран, Жерұйық, Сарайшық атауларынан соңғысын таңдады. Баяндамашы бұл атаудың тарихи мәніне, мән-маңызына тоқталды. Сарайшықта ғылымның да негізі қаланғанын айтты. Мәселен, күннің жердің айналатынын Коперниктен бірнеше ғасыр бұрын Сарайшықта тұрған Сайф Сарайи дәлелдеп кеткенін жеткізді. Бұл шешім де Қоғамдық кеңес тарапынан қолдау тауып, кеңес төрағасы Зулфухар Райыпов тарихи шешім қабылдап отырғандарын ерекше атап өтті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТІЛ МЕНГЕРІП, СЕРТИФИКАТ АЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесінің ұйымдастыруымен қазақ және ағылшын тілдерін оқыту курстарының аяқталуына орай «Тіл – татулық тірегі» атауымен сертификаттарды тапсыру рәсімі өтті.



Аталмыш мекеме Астана қаласының тұрғындарын мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту қызметіне сәйкес жыл сайын мемлекеттік қызметшілерге, ересек тіл үйренушілерге, жергілікті

бюджет ұйымдарының қызметкерлеріне қазақ және ағылшын тілдерін оқу курстарын ұйымдастырады. 2024 жылдың басында курсқа қала тұрғындары мен мекемелерден 1500-ге жуық сұра-

ныс түсті. І кезеңде 1099 тыңдаушы қабылданып, қорытындысында қазақ тілін оқу бойынша 871, ал ағылшын тілін үйрену бойынша 38 тыңдаушы сертификат алды.

Мекеме басшысы Әділ Орынбасарұлының айтуынша, қазақ және ағылшын тілдерін үйренушілердің санын көбейту жоспарланған. Себебі бұған ниеттілердің саны артып келе жатыр. Сондықтан келесі жылғы жеке – 3000-5000 адам.

Тіл үйренушілер қарапайым және базалық деңгейлер (A1-A2) және орта және ортадан жоғары деңгейлер (B1-B2) бойынша оқыды. Соның бірі – қала тұрғыны Лаура Қаринаның айтуынша, оқу барысында ол қазақ тілінің байлығын, тереңдігін түсінді. B1 деңгейі бойынша Айжан Серікқызы B2 деңгейінен Жұпар Кенжетайқызы сынды оқытушылардан сабақ алды. Орыс мектебінде оқыған курс бітіруші екі деңгей бойынша әр деңгейді 4 айдан 8 ай оқыды. Тілді жетілдіруді әрі қарай дамытамын деп отыр.

Ал Атбасар қаласының тумасы, бүгінде елорда тұрғыны Ербол Ережепов көптеген өзге ұлттардың ортасында өскендігін, 5 жасында атасы қайтыс болғаннан кейін ана тілінен мақұрым қалғанын айтты. Сол олқылықты түзеу үшін курстарға жазылып, оқу барысында рухының көтерілгенін жеткізді.

ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада «Жаңару» жалпыұлттық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған жиында «Бас редакторлар клубы» РҚБ, «Нұр-Медиа» холдингі, «Elorda Aqparat» басшылары мен өкілдері жемқорлыққа қатысты ойларын ортаға салды, деп хабарлады Elorda.info.

Мемлекеттік құрылымдарда ғана емес, қоғамның барлық салаларында әшкереленген жемқорлардың аты-жөнін, шыққан тегін, жүрген ортасын толық жазып-көрсетудің өзектілігі, адамға бір жағылған жаман атының жеті атасынан асып кететінін көпшіліктің есіне салып отырудың маңыздылығы айтылды.

Жемқорлықпен күресуде әр халықтың өз жолы, дәстүрі қалыптасуы керек. Тіпті әскери қызметте жайсыз оқиғалардың орын алуының себептерін де елге жария еткен жөн. Жастарды көшеде ұстап, желкелеп әскери комиссариатқа әкету тәуелсіз, бейбіт елдің тәртібі мен мәдениетіне мүлдем жат қылық. Керісінше, үлгілі қызметі үшін сарбаздардың

еліне, жұртына, отбасына, жұмыс істеген ұжымына әскери бөлімнен алғыс айту тәжірибесін жалғастыруға, Үкімет тарапынан уәде етілген әлеуметтік жеңілдіктер пакетін ұтымды насихаттауға болар еді. Осы және өзге де қоғамдағы өткір тақырыптарды журналистермен бірге зерттеп, талқылау, тиісті орындарға ұсыныс әзірлеу жоспарланды, – деді қоғам қайраткері Дархан Мыңбай.

Сондай-ақ жиынға қатысушы тараптар – ұйымдар, редакция басшылары, заңгерлер, болашақ журналистер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте күш-жігерді біріктіріп, ортақ жобаларды жүзеге асыру бойынша өзара мәміле жасасты.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАРДЫ ТАҢДАДЫ

«Мерейлі отбасы-2024» ұлттық байқауын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті, деп хабарлады Elorda.info.

Мұнда комиссия мүшелері отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және отбасы институтын арттыруға бағытталған ұлттық байқауға бақ сынауға өтінім берген отбасылардың ішінен үздігін таңдау үшін құжаттарды қарап, бейне роликтерді қарады.

Одан бөлек, отбасы мүшелерінің қабілеті мен дарыны да назардан тыс қалмады. Бос уақытын тиімді өткізу, салауатты өмір салтын ұстану, волонтерлік, қайырымдылық істері де таңдау кезінде ескерілді.

Комиссияның әрбір мүшесі отбасыларды балдық жүйе бойынша бағалайды. Балдардың жалпы саны тең болған жағдайда түпкілікті шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Кейін комиссия шешімінің негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі, – деді Астана қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының үкіметтік емес сектормен жұмыс бөлімінің басшысы Айдана Қамзаева.

Конкурстың негізгі мақсаттары – отбасы институтын, адамгершілікті нығайту, жауапты некенің маңыз-

дылығын мойындау; ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру; отбасылық құндылықтарды, кәметке толған балалардың еңбекке жарамсыз және қарт ата-аналарға қамқорлығын насихаттау; қазақстандық отбасының оң имиджін насихаттау.

Биыл 238 отбасы конкурсқа қатысу үшін құжаттар тапсырды. Еңбек пен спортта, шығармашылық және зияткерлік салаларда, ғылым мен өнерде жетістіктері бар отбасылар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді араласатын отбасылар, көпбалалы отбасылар, ерекше балалары бар отбасылар, ардагерлер, еңбек адамдары және шығармашыл әулеттер қатысып отыр.

Комиссия отырысынан соң қалалық кезеңнің жеңімпаздары белгілі болады. Үздік деп танылған отбасы республикалық кезеңге жолдама алады. Ал қалалық кезеңнің салтанатты марапаттау рәсімі Астана күні қарсаңында өткізіледі.

Сабина КӘКІМЖАН

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖҮРЕДІ

Елорданың жеке автобус парктері Қытайда жасалған 12 метрлік «HIGER» маркалы 20 жаңа автобуспен толықты, деп хабарлады Elorda.info.

«City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметінің мәліметінше, жаңа автобустардың 15-ін № 3 жеке автобус паркi сатып алған. Қазір оның 8-і жеткізілді. Тағы 5 автобусты № 7 жеке автобус паркi сатып алды.

«Айта кету керек, өткен жылдың соңында № 3 автобус паркi осындай 21 автобус алған болатын және қазіргі уақытта олар бағдарларда жүр. Жылжымалы құрамды жаңарту жұмыстары бұдан әрі де жалғасады» делінген хабарламада.



АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҚШАЛАР ТАРАТЫЛДЫ

Астанада лудомания туралы ақпараттық парақшалар мен брошюралар тарату бойынша әлеуметтік акция өтті.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елде құмар ойындарға тәуелділік проблемаларын мойындайтын 36 мыңға жуық адам бар. Осыған байланысты елордада лудоманиямен күрес бойынша белсенді шаралар қолға алынды. Атап айтқанда,

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері лудоманиямен күрес туралы 500 ақпараттық парақша мен брошюралар таратты. Іс-шара Есіл өзені жағалауында өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – құ-

мар ойындарға тәуелділікпен күресу және халықты лудомания проблемалары туралы ақпараттандыру. Ақпараттық парақшаларды алда қаланың басқа аудандарында – «Встреча» сауда үйі мен «Астаналық» базар аумағында тарату жоспарлануда.

БЫЛТЫРҒЫ БЮДЖЕТ ҚАЛАЙ АТҚАРЫЛДЫ?

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың 2023 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы бұған жауапты жергілікті атқарушы органдарының есебі тыңдалды. Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Гловтов қатысқан жиында бас қаланың жаңа ауданының Сарайшық атауы да бекітілді. Енді бұл шешім республикалық ономастика комиссиясына жолданады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алғашқы баяндаманы қалалық Қаржы басқармасының басшысы Әліби Жұмаев жасады. Ол былтырғы бюджеттің мөлшері бойынша, шығыстары туралы есеп берді. Соның ішінде пайдаланылмаған қаражаттың 37,3 пайызы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасына тиесілі болғанын атап өтті. Игерілмеген қаржы жасалған келісімшартқа сәйкес үнемдеуден пайда болды.

Сондай-ақ Құрылыс басқармасы бюджетінің 36,3 пайызын игермеген. Оған негізгі себеп – орындалған жұмыстардың актілерін ұсынбау. Төтенше жағдайлар департаменті игермеген бюджетінің 5,5 пайызы тыныс алу аппаратын жеткізушінің келісімшартты орындамауынан орын алған. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының пайдаланылмаған бюджетінің 5,3 пайызы кейбір материал-

дардың қымбаттауы салдарынан жобаларға түзету енгізілгенінен болған. Білім басқармасы еңбекақы төлеу қорынан қаржы үнемдеген. Соған байланысты басқарма бюджетінің 4,7 пайызы пайдаланылмады.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев 2021-2025 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту жоспары бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Соның ішінде былтыр 3 бағыт бойынша 106 нысаналы индикаторды орындау көзделгенін атап өтті. Оның 71-іне қол жеткізілді, 16-сы орындалмады, 11 индикатор бойынша статистикалық деректер жоқ.

Үш бағыттың біріншісі – елорда тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру. Бұл бағытта жаңа кәсіпорындарды ашу, жұмыс істеп тұрғандарды дамыту есебінен 62 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Жұмыссыз азаматтарды тегін оқыту бойынша жұмыс жалғасты. 2021-2025 жылдарға



арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы аясында өткен жылы жалпы құны 88 млрд теңге құрайтын 1 мың 262 жоба мақұлданды.

– Қалада тіркелмеген, еңбек және практикалық дағдылары жоқ азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында «JOLTAP» жобасы іске қосылды. Білім беру саласында 2-6 аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 68 мың бала, 3-6 жас арасында 64 мыңға жуық бала қамтылды. 2023 жылы екі ауысымдық 15 мың орындық 12 мектеп пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша елордада 2024-2027 жылдары 89 мың орындық құрайтын 24 мектеп салынады. Денсаулық

сақтау саласында 900-ге жуық медицина қызметкері біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 2023 жылы 6 медициналық ұйымда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, 708 медициналық техника сатылып алынды. Ведомстволық бағынысты ұйымдардың техникалық жабдықталуы 100 пайызды құрады, – деді Қайсар Маңқараев.

Баяндамашы «Өмір сүруге жайлы қала – адамдарға арналған қала» аталатын екінші бағыт бойынша былтыр 660,8 млрд құрайтын 58 іс-шара қарастырылғанын жеткізді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша пайдалануға берілген үйлердің жалпы ауданы 3,8 млн шаршы метрді құраға-

нын, мұқтаж азаматтарға 374 тұрғын үй сертификаты берілгенін атап өтті. Соның ішінде «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС үлескерлік құрылыстағы 7 проблемалық үйді пайдалануға берді.

Басқарма басшысының сөзінше, көлік инфрақұрылымын жақсарту үшін 53 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы қалалық маңызы бар автокөлік жолдарының үлесі 93 пайызға жетті. Сумен жабдықтау және су бұру бойынша 12 жоба іске қосылды.

– «Заманауи, бәсекеге қабілетті қала» атты үшінші бағытқа 28,9 млрд теңге бөлінді. 2023 жылы Астана қаласының жалпы өңірлік өнімінің көлемі 12,9 триллион теңгені құрап, 5,4 пайызға дейін өсті. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің көлемі 9,2 миллион теңгеден асты, – деді Қайсар Маңқараев.

Сондай-ақ баяндамашы өткен жылы елорданың негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 6,6 пайызға өсіп, 1,6 трлн теңгеге жеткенін, қала экономикасында негізгі үлесті шағын және орта бизнес алатынын, бұл 68,9 пайызды құрайтынын жеткізді. Бұл орташа республикалық көрсеткіштен 2 есе артық екенін айтты.

– Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 11,2 пайызға өсіммен 227 мыңға артты. Мұнда 522 мың адам жұмыс істейді.

Бұл – қаланың экономикалық белсенді халқының 75 пайызы. Қабылданған жаңа мемлекеттік жоспарлау жүйесін ескере отырып, елорданы дамытудың жаңа жоспары әзірленеді, – деп түйіндеді сөзін Қайсар Маңқараев.

Жиында Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы Сәбит Мұқановтың, қалалық мәслихаттың экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Кеңдебай Адамбековтің есептері тыңдалды. Қалалық мәслихат депутаттары бюджеттің атқарылуы бойынша пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді.

Жаңа ауданға атау беру бойынша қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп баяндама жасады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ержан Діқанбаев қаладағы әлеуметтік маңызы бар бағдарлардың тізімімен таныстырды. Оның айтуынша, былтыр жаңа 400 автобус сатып алынғаннан кейін жаңа 11 бағдар ашуға мүмкіндік туды. Бұл – 27, 42, 49, 57, 66, 84, 85, 121, 327, 328, 329 бағдарлар. Сессиядағы соңғы мәселе мемлекет мұқтажы үшін алынатын жер телімдерімен Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов таныстырды.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШҚАН ЖОБА

Астанада «JOLTAP» әлеуметтік жобасы жүзеге асып жатыр. Жоба елордалықтардың нарыққа қажетті мамандықтарды меңгеріп, жұмысқа орналасуына мүмкіндік тудырып отыр.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап іске қосылған «JOLTAP» әлеуметтік жобасы күні бүгінге дейін нәтижелі жалғасуда. Соның арқасында астаналықтар қысқа мерзімді бағдарламалар арқылы белгілі бір кәсіп түріне тегін оқуға мүмкіндік алды. Елорда әкімдігінің бастамасымен қолға алынған жоба аясында мемлекеттік қолдау шаралары, атаулы әлеуметтік көмек, бизнес ашуға құжаттарды ресімдеу және жұмыс табу үшін кеңес беріледі.

«JOLTAP» жобасы аясында қала тұрғындары екі қысқа мерзімді бағдарлама бойынша тегін білім ала алады. Бірінші бағдарлама наубайшы, бариста, сатушы-кассир, қоғамдық тамақтандырудың әмбебап қызметкері, тігінші сияқты 5 жұмысшы мамандығын оқытуға арналған. Екінші бағдарлама – «Freelance мүмкіндік» деп аталады, бұл 7 цифрлық дағдыларды оқытуды ұсынады. Олар: таргетолог, SMM, видеограф, маркетинг менеджері, мобилограф, графикалық дизайнер және веб-дизайнер.

Қалалық әкімдіктің бастамасымен және «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобаның аясында елорданың 18 не 50 жас аралығындағы кез келген тұрғыны цифрлық және жұмысшы мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқытудан тегін өтіп, сертификат



алады. Бүгінде жоба аясында 2 мыңнан астам елордалық түрлі мамандықтар бойынша оқыту курстарынан өткен.

Осы уақытқа дейін жобаға қатысушылардың бір бөлігі техникалық мамандықтарды игерсе, енді бір бөлігі цифрлық саланың тілін меңгерді. Солардың бірнешеуі төменде пікір білдірді.

Абылбек САДЫҚОВ, 30 жаста:

– Астанаға көшіп келген соң, біраз уақыт құрылыста жұмыс істедім. Алайда кейін компанияда қысқарту болып, соңғы келгендермен бірге жұмыссыз қалдым. Содан бір күні көшеде кетіп бара жатып осы жоба туралы жарнаманы көзім шалды. Содан қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктін біріне барып, дәнекерлеуші саласы бойынша тегін оқыту курсына жазылдым. Бұл қантар айының ортасы болатын, ал оқыту ақпан айының бас кезінде басталды. Күн сайын сабаққа қатысып, бір айдың ішінде жаңа мамандықты меңгеріп шықтым. Курс барысында көптеген сұраққа жауап алып, біршама жаңа нәрсені үйрендім.

Мен дәріс алған топта адам көп болмады, дегенмен сабақтар өте қызықты және маңызды өтті. Қазіргі кезде қаладағы зауыттардың бірін-

де дәнекерлеуші болып жұмыс істеп жүрмін. Бұл жобаның көпке тигізер пайдасы мол. Себебі «JOLTAP» арқылы әр адам өзі үшін жаңа мамандықты игере алады және біліктілігін арттырады. Бастысы бұл жоба – жұмыс істеймін деген әр адамға жақсы мүмкіндік.

Элеонора НАХИПОВА, 50 жаста:

– Бұған дейін дүкенде сатушы болып жұмыс істедім. Жаңа жоба туралы кездейсоқ білдім. «JOLTAP» мүмкіндіктері туралы мен бағдарлама павильонының жанынан өтіп бара жатқанда білдім. Өзім қосымша жұмыс іздеп жүрген едім. Содан не болса да, кіріп сөйлесіп, мән-жайды білейін деп шешім қабылдадым. Кеңесші маған бағыттар мен шарттар туралы айтып берді. Осылайша, мен оқуға жазылдым. Ол кезде мен дүкенде сатушы болып жұмыс істеп жүрген едім және жаңа дағдыға ие болғым келді. Сөйтіп бұл жерде кассмен жұмыс істеуді үйренуді көздеп, кассир-сатушы мамандығын таңдадым.

Жалпы, «JOLTAP»-та оқу маған ұнады. Курстарда өз саласының мамандары сабақ берді, бәрі оңай және түсінікті болды. Біз жаңа білім мен дағдыларды тез меңгердік. Курсты аяқтаған кезде мен жұмыс



істеген дүкенге касса орнатылған еді. Қазір мен кассада сатушы кассир болып жұмыс істеймін. Әкімдікке және осы жобаны енгізгендердің барлығына алғысым шексіз.

Маржан БАУЫРЖАН, 35 жаста:

– Бүгінде жолдасым екеуіміз 4 баланы тәрбиелеп отырмыз. Өзім он жылдан бері бала күтіміне байланысты декреттік демалыстамын. Бала-шағама, отбасыма өзім киім-кешек тіккім келетін. Бір күні әлеуметтік желіден осы жоба туралы хабарландыруды көріп қалдым. Содан дереу қаладағы пункттердің біріне барып, тігінші курсына жазылдым. Арада көп уақыт өтпей курсты бастап кеттім. Сөйтіп, бір айдың ішінде тігіншілікті толық меңгеріп шықтым.

Курс бір ай бойы күнделікті болды. Кіріспе сабақта тігін тігудің негізін және түрлерін үйрендік. Одан әрі киімді пішу мен тігуді көрсетті. Оқыту процесі өте қызықты өтті. Оқытушылар барлығын қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Кейін алған білімді іс жүзінде көрсетіп, үйретті. Курсты аяқтаған соң сертификат алдым.

Әр адам аз уақытта тегін мамандық игере алады. Менің ойымша, тігін тігуді әр келіншек білгені абзал. Осы жо-

баның арқасында жаңа орта, жаңа таныстар таптым.

Жомарт ЖОЛАМАНОВ, 38 жаста:

– Бұған дейін мен экспедитор-жүргізуші болып жұмыс істедім. «JOLTAP» бағдарламасы туралы танысымнан естіп, бардым. Мені жобаның шарттары қызықтырды, екі бағыт бойынша оқуға өтініш қалдырдым. Алдымен электрмен дәнекерлеуші және мобилограф болғым келді. Дәнекерлеу бойынша оқыту ертерек басталды, мен оқуға толығымен қатыстым, сондықтан екінші бағыттан бас тартуға мәжбүр болдым.

Қазақстанда кәсіби дәнекерлеушілерге қажеттілік бар екенін білетінмін. Біреу үшін бұл мамандық қиын болуы мүмкін. Мұнда мұқият болу және зейін қажет. Кейбір жерлерде бұл қауіпті. Бірақ мен пайдалы мамандық тапқым келді. Алдымен нарықты зерттеп, кәсіби дәнекерлеушілердің шынымен де өте лайықты жалақысы бар екенін, олардың еңбегі қоғам үшін көп пайда әкелетінін білген соң осы сала бойынша оқуға кірістім.

Сабақтар жоғары деңгейде өтті. Бірінші күннен бастап бәрі жақсы ұйымдастырылды. Оқудан кейін бірден жұмыс таптым. Олардың ағымында

сынақ жүргізіліп, дәнекерленген тұстардың сапасын көрсету қажет болды. Тапсырманы ойдағыдай орындап, қазіргі таңда YDA түрік көпсалалы зауытында жұмыс істеп жүрмін. Оқу және жұмысқа орналасу процесі шамамен бір айға созылды. Бүгінде барлық достарым мен таныстарымды осы тегін бағдарламаға қатысып, жаңа кәсіп үйренуге шақырамын.

Иә, «JOLTAP» жобасы арқылы кез келген мамандықты бір айда меңгеріп шығуға болады. Елордалықтар осы жобаға қатысып, мобилограф, SMM, таргет секілді трендтегі мамандықтарды үйреніп жүр. Әрі осы бағыт бойынша жұмысқа орналасып жатыр. Қысқа мерзімді оқытуға жазылу қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде өтеді.

Елордада «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері келесі мекенжайларда орналасқан:

- * Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
- * «Ailand» ОДО, Қорғалжын тасжолы, 2;
- * «Встреча» СҮ Абылай хан даңғылы, 31;
- * «Азия парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21;
- * «Тұлпар» СО, Ш.Әлиханов көшесі, 24;
- * «Euromall» СҮ, Қосшығұллы көшесі, 23;
- * «Mechta» СҮ, Сығанақ көшесі, 3;
- * «Рахмет» СҮ, Тілендиев даңғылы, 15;
- * «ЕМО, Бейбітшілік көшесі, 9;
- * «Рахмет» СҮ, Момышұлы даңғылы, 10;
- * «Жанұя», Бейбітшілік көшесі, 14.

Астана тұрғындары осы мекенжайларда орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде ұсынылатын барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы тегін оқып, жаңа кәсіпті меңгере алады.

№73 (4661) 20/06/2024 Бейсенбі

– Бауыржан Амангелдіұлы, алдымен өзіңіздің қоғамдық және саяси қызметке келу жолыңызды білсек.

– Мен Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жарсуат ауылында қарапайым механик отбасында дүниеге келдім. Әкем табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында тез көтеріліп, басшылық қызметте болды.

Әкемнің «Қазір бәрі экономикаға байланысты. Сен агроном болғың келеді, бұл – тар мамандық. Сен кең профильді маман болуың керек, жақсы көшбасшы болу үшін алдымен экономиканы білуің керек» дегені есімде. Сондықтан әкемнің нұсқауы бойынша экономист болуға бекіндім. Біраз уақыттан кейін мені әскерге шақырды. Содан кейін Целиноград ауыл шаруашылығы институтында «Ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы-экономист» мамандығы бойынша жалғастырдым. Оқуды қызыл дипломмен бітіргеннен кейін, алғашқы еңбек жолындағы үш жылым Ақмола облысы Целиноград ауданының «Рассвет» совхозында өтті.

Ол кезде кәсіпкерлік пен шағын бизнестің енді дамып бастаған шағы. Мен де өз ісімді ашуға тырыстым. Әрине, бәрін бірден жүзеге асыру мүмкін емес еді, даму да, құлдырау да болды. Дегенмен, «жатқан тастың астына су бармас болар» дегендей, тек табандылық пен тұрақты жұмыс нәтижесін берді. Осылайша менің кәсіпкерлік қызметім басталды. Әкемнің кеңесі бойынша оқуымды да, тәжірибе жинақтауды да жалғастырдым. Қазақ мемлекеттік заң академиясын «құқықтанушы-заңгер» мамандығы бойынша бітірдім. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Дипломатия академиясын «халықаралық қатынастар саласының маманы» және ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет академиясын «Мемлекеттік және муниципалдық басқару» мамандығы бойынша тәмамдадым.

1999 жылы Көктал-1, Көктал-2 және Агроқалашы кенттері бойынша қалалық мәслихат депутаттығына кандидатурамды ұсындым. Ол кезде 32 жаста едім, ал аудан тұрғындары менің кандидатурамды қолдап, мәслихаттан көрінуіме сенім білдірді. Мен үшін сайлау үлкен мектеп болды, екі рет осы округтен депутат болып сайландым. Қала шетіндегі тұрғындардың мәселесін шешуді басты мақсат еттім. 2007 жылы IV сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болдым.

– Азаматтар көбіне қандай шағымдармен келеді? Тұрғындарды не мазалайды екен?

– Кейде депутаттың құзіретіне кірмейтін әртүрлі өтініштер мен сұрақтар қойылады. Бірақ халық қалаулысы болғаннан кейін оларға кеңес беру, бағыттау – міндетіміз. Сондықтан әр айдың 10-ы күні тұрғындарды жеке қабылдаймын. Көбіне жұмысқа

Бауыржан СМАЙЫЛОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

Қаланың сол жағалауында немесе шеткі аймағында тұрса да әрбір астаналық лайықты өмір сүру керек. Бұл – елордалық мәслихаттың депутаты, қоғам қайраткері Бауыржан Смайыловтың ұстанымы. Оның «Астананың шет аймақтарына – елордалық деңгей» сайлауалды бағдарламасы 15-округ тұрғындарының өтініштері негізінде әзірленген. Депутат біздің сұхбатымызда өткен жылғы қызметінің нәтижесі туралы айтып берді.



орналасу, мүгедектігі бойынша жәрдемақы, жеке тұрғын үйінің болмауы немесе күнкөріс қаражатының жетіспеушілігі бойынша жүгінеді. Сондай-ақ жолдарды жөндеу, су басқан көшелердің мәселесін шешу, жосықсыз құрылыс салушыларды жауапкершілікке тарту, аулаларды абаттандыру секілді мәселелер де көп.

– Сізге Сарыарқа ауданы бекітілген. Осы округте жұмыс істеген кезде қандай өзгеріс-

Көктал-1-де 1960-жылдарында салынған №41 мектеп жұмыс істейді, онда сыйымдылық нормасы 400 адам болса, бүгінде 1200 оқушы оқиды. Осыған байланысты мәслихат отырыстарында 500-600 орындық қосымша құрылыс салу, сондай-ақ ескі мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу туралы мәселені көтердім. Оң жауап алдым. Қаражат бөлініп, мердігер анықталды.

Сондай-ақ Көктал-1-де орна-

қабылдауға мүмкіндік алады. Бүгінгі таңда Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі емхананың құрылысы басталды.

Сондай-ақ зейнеткерлер үшін тіс протездеуге бөлінетін қаражатты бір адамға 90 мыңнан 200 мың теңгеге дейін ұлғайтуға қол жеткіздім.

Көктал-1 тұрғын алабында «Наз» театры, Көктал-2-де Koktal Junior Hall көпфункционалдық спорттық-шығармашылық орталығы жұмыс істейді. Ба-

туға жәрдемдесуді сұрады, өйткені балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға сұраныс өте жоғары. Көктал-1 тұрғындарының өтініші бойынша сайлауалды бағдарламаға олардың тұрғын алабының аумағында бассейндері бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы енгізілді. Ол біздің өтінішіміз бойынша Көктал-1-де салынады. Аталмыш жаңалыққа біздің округтің тұрғындары қатты қуанды.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша көтерілген мәселелер қаншалықты орындалды?

– Бүгінгі таңда Сұлукөл көшесі мен «Ақ-Отау-1», «Ақ-Отау-2» тұрғын үй кешендерінің құрылысы мен жылумен жабдықтау жұмыстары аяқталды. Бұл тұрғын үй кешендері 12 жыл бойы автономды дизельді жылытумен жұмыс істеді. Көктал-1-де көріз жүйесін салу мәселесі ерекше бақылауда, өйткені мұнда 30-дан астам көше әлі орталық көрізге қосылмаған. Соның салдарынан көшелерді үнемі су басып жатады.

Сондай-ақ Көктал-1 тұрғын алабында 40-шы мектеп пен «Шарпат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ауданында рұқсат етілген нормалардан бірнеше есе асатын күкіртті сутекті шығару мәселесі тұр. Бірнеше көшпелі кеңестер ұйымдастырылды, олардың біріне денсаулық сақтау вице-министрі, республиканың бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағанбетова қатысты. Кездесудің қорытындысы бойынша Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы және қалалық су арнасының басшылығымен 40-шы мектеп ауданындағы

КСС сүзгілері ауыстырылды, сондай-ақ қоршаған ортаға және атмосфераға күкіртсутек қалдықтарының деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін орынға белгі орнату ұсынылды. Бүгінгі таңда бұл мәселе өте өзекті, проблема әлі толық шешілмегендіктен, оны ерекше бақылауда ұстаймын.

Аулаларды абаттандыру және аумақтарды көгалдандыру бағытында да біраз шаруалар шешілді. Оның ішінде Тілендиев даңғылына дейін жауу жолдар мен көше жарығы орнатылды, қоқыс төгетін орын жабдықталды, жаңа ойын алаңы мен футбол алаңы салынды, сонымен қатар дене шынықтыру және спорт басқармасы аптасына екі рет аула балаларына футбол сабақтарын өткізетін жаттықтырушы бөлінді.

Бұдан өзге жол және қоғамдық көлік, қауіпсіздік, әлеуметтік жобалар бойынша оң шешімін тапқан жұмыстар баршылық. Мұның бәрі – округтің белсенді тұрғындарымен, ардагерлер қоғамымен және Сарыарқа ауданы әкімдігімен тығыз ынтымақтастықта атқарып жатқан жұмыстың бір бөлігі. Мен үнемі Аманат партиясының филиалы өткізетін барлық акциялар мен іс-шараларға тұрақты түрде қатысуға, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жұмысымды жариялауға, округ тұрғындарымен байланыс орнатуға тырысамын.

– Быыл барлық деңгейдегі мәслихаттар үшін мерейлі жыл. Депутаттық корпусың негізгі миссиясы қандай деп ойлайсыз?

– Әрбір депутат, ең алдымен, халық қалаулысы. Сондықтан оның тікелей міндеті – адамдардың талап-тілегін орындауға сай болу. Депутат – халықтың мүддесі мен билік өкілдерінің арасындағы байланыс. Оның міндеті – туындаған проблемалар туралы хабардар ету ғана емес, сонымен бірге оларды шешуде белсенді болу.

Депутаттардың қызметі көп қырлы: бұл – мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарына, партия іске асыратын жобаларға және округте өткізілетін іс-шараларға белсене қатысу. Біздің округтің әрбір белсенді тұрғынымен мен жеке танысып, өйткені сайлау науқандары кезінде біз олармен бағдарламаны дайындау үшін кездесулер өткіздік әрі міндеттерді шештік. Депутат өз халқына неғұрлым жақын болса, тұрғындардың мәселелеріне тереңірек үңілсе, атқарылған жұмыстың әсері соғұрлым жоғары болады деп санаймын. Біз мұнда мәслихат отырыстарында кезекті дауыс беру кезінде түймелерді басу үшін емес, бізді сайлағандардың мәселелерін шешу үшін келдік. Сондықтан осы мерейлі жылы мен барлық әріптестеріме өз қызметінің максималды нәтижесін көрсетуге тілектеспін.

Алина ИМАМБАЕВА,
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



тер болды, әлі де шешімін таппаған мәселелер бар ма?

– Мен 15-сайлау округі бойынша депутатпын. Бұл біздің қаламыздың шеті, оған Көктал-1, Көктал-2 тұрғын алаптары, ЕПМ, Тілендиев, Бөгенбай даңғылдары, Қосшығұллы көшелері кіреді. Білім саласына қағысты айтар болсам, өз бағдарламаның аясында Көктал-1 және Көктал-2 тұрғын алаптарында 2 жайлы мектеп салу көзделген. Сонымен қатар

ласқан №61 «Шолпан» балабақшасына қажетті жабдықтар сатып алынды және жаңартылды, №85 «Мейржан» бақшасының шатырын жөндеуге қаражат бөлінді.

Менің сайлауалды бағдарламам аясында Көктал-1-де заманауи емхана салу көзделген. Оның ішінде №5 отбасылық денсаулық орталығының алаңдарын ұлғайту мәселесі оң шешілді. Қыркүйек айында дәрігерлер пациенттерді ыңғайлы жағдайда

засында Damubala.kz мұнда мектеп жасындағы балаларға арналған спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелер бар. Орталыққа танымал спортшы, қазақстандық аралас жекпе-жек жауынгері, жеңілмейтін Шавкат Рахманов келді. Бұл біздің округтің балалары үшін үлкен оқиға болды.

Жақында өткен есеп беру кездесуінде орталық басшылығы үйірмелерге балаларды көбірек қабылдау үшін аумақты ұлғай-



Мектеп-гимназия директоры Алмагүл Серізбайдың айтуынша, ұжым наурыз айынан бастап балалардың жазғы демалысына дайындала бастаған. Оның барысында мұғалімдер көптеген шығармашылық ұсынысын айтып, өз жобаларын әріптестерінің алдында қорғады. Нәтижесінде лагерь бағдарламасына ұлттық, шығармашылық, академиялық, спорттық және еңбек бағыттары енгізілді. Осылайша, демалыс бағдарламасы алуан түрлі әрі қызықты етіп ұйымдастырылды. Әр лагерь күнінің тақырыбы ерекше мерекелік көңіл күйді сыйлап, оқушыларды пайдалы іс-шараларға қосылуға шақырады. Оқу орнының ауласында орнатылған үлкен ақ киіз үй және мектеп залындағы кішігірім киіз үй айрықша өң беріп тұр. Ғимараттың ішінде көптеген жарқын суреттер бар, олар мектептің ұстанатын бағытын да, лингвистикалық бейімділігін де көрсетеді. Онда оқушылар ағылшын және неміс тілдерін, сондай-ақ факультативті француз және араб тілдерін терең меңгереді.

Мектепте 2200 бала оқиды, олардың 500-і қазір жазғы лагерге қатысады. Сонымен қатар балалар саны өсіп келеді. Лагердің жазғы ауысымы маусым мен шілде айларына созылады, ал өтінімдер саны көп болған жағдайда, тамызда да жалғасақ. Осылайша, мектеп балаларды кез келген талғамға сай көптеген іс-шараға қызықтыра алады.

– Жаз – бұл бірінші кезекте оқу пәндерін үйретуден бұрын көңілді ойындарға, қызықты іс-шараларға және жаңа орта табуға жол ашатын уақыт. Қазіргі жағдайда балаларға білім беріп қана қоймай, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету маңызды. Оқушыларға арналған жазғы лагерь міндетті түрде ұлттық құндылықтарды үйрету, бейіндік оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамасын біріктіреді. Бізде «Жазғы-сап» мектеп жанындағы лагерьі, «Этно-сап» ұлттық лагерьі, «Бақыт-сап» бейіндік лагерьі жұмыс істейді, олардың әрқайсысында әртүрлі бағдарлама ұсынылады, – деді Алмагүл Серізбай.



КӨҢІЛДІ ӘРІ ҰМЫТЫЛМАС ДЕМАЛЫС

Елорданың №91 мектеп-гимназиясының жазғы лагері ерекше өтуде. Жақында біз лагерь жұмысымен танысып, бақытты балалық шақтың мекенін тамашалап қайттық.

КИЕЛІ КИІЗ ҮЙДЕ

Мектеп ауласындағы киіз үйдің безендірілуі, мұндағы кілем, көрпе, дөңгелек үстел, ұлттық аспап түрлері, ақ жаулықты әжелер құдды бір ауылда жүргендей әсер береді. Мұғалімдер оқушылармен бірге ұршық иіріп, тоғызқұмалақ ойнайды, ұлттық ою-өрнектерді ойып, қамшы өруді, бауырсақ пісіруді үйренеді. Балалар тек ана тілінде сөйлеп, мемлекеттік тіл кеңінен насихатталады. Ұлттық киімдегі әжелер – «Ақ кимешек әжелер – бабалар аманаты» қоғамдық ұйымының өкілдері. Олар балаларға ұлттық қолөнер бойынша шеберлік сабағын өткізеді, асық ату, арқан тарту ойнайды. Табандылықты қажет ететін іс-шаралар белсенді ойындармен жалғасып, осылайша балалардың жан-жақты дамуына септеседі. Лагердің бір күнінде-ақ жасөспірімдер жаңа дағдыны меңгереді. Сөйтіп, киіз үй жазғы лагердің тартымды орталығына айналды.



ҚЫЗЫҚТЫ БАҒДАРЛАМА

Жазғы маусым кезеңінде мектептің оқу аудиторияларында лагерь жасағандағы тіршілік те қайнап жатыр. Топтардың атауы әртүрлі әрі терең мағынаға ие. «Жалын», «Жұлдыз», «Болашақ» «Барыс» және басқалары бар.

Оқушыларға бұл атаулардың неліктен таңдалғаны, олардың өскелең ұрпаққа және ел тарихына қандай қатысы бар екені түсіндіріледі. Жасақтардың ұрандары, сөйлеген сөздері атаулардың мәнін ашады. Мектеп бағдарламасы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор,

ғылымға деген қызығушылығы бірден байқалады. Жазғы лагерь уақытында олар сабақта алған білімін бекітіп, өздерін жас зертханашылар ретінде көрсетеді. Әдетте оқу жылында тың тәжірибелерге уақыт жетпей жатады. Ал лагерьде балалар өздерінің қызығушылығына ұстаздарымен бірге көп көңіл бөледі. Оқушылар шыны сауыптағы болған сиқырға ерекше қуанса, ересек қонақтарға да бұл тәжірибе айрықша әсер қалдырады.

Шығармашылыққа жақын балалар «Көркем-арт» жасағының көркемсурет студиясында түрлі дағдыны үйренсе, болашақ инженерлер барлық қажетті жабдықты STEM-зертханаларда таба алады. Математикаға бейім бар оқушылар үшін Math camp және «Интеллектуум», жас спортшыларға Sport drive, аспаздарға «JAS кондитер» бағыттары ұйымдастырылған.

ЕРЕКШЕ КҮНДЕР

Мектептің жазғы лагерінде түрлі фестиваль қалып қалмайды. Балаларға тақырыптық күндер де ұйымдастырылған. Патриот күні барлық балалар Мемлекеттік туды әспеттейтін көк және сары түсті киім киіп, аңуран шырқап, Мемлекеттік рәміздерді насихаттайды. Бас киімдер күні балалар мен мұғалімдер түрлі-түрлі бас киім жасап, бір-бірінің қызықтайды. Балалар үшін мектеп аумағында спорт эстафеталары, «Қолтырауын» ойыны және би флешмобы өтеді. Жоғары сынып оқушыларына «Жасыл ел» еңбек жасағы да бар. Бағдарламаға қатысушылар мектеп аумағында жасыл желкелерді отырғызады, ағаштарға күтім жасайды. Айтпақшы, жоғары сынып оқушылары өз бастамасымен жазғы лагерьде ерікті болып жұмыс істейді, мұғалімдерге сабақтар мен концерттер өткізуге көмектеседі.

Мектеп тек білім ошағы ғана емес, сонымен қатар бос уақыт, қосымша сабақ және өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту орталығы екенін көрсетеді.

Мансия СӘКЕНОВА,
Индира БЕРЖАНОВА



Шапағат ӘБДІР

ЭТНОЛАГЕРЬ ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТАДЫ

Астанада мектепшілік лагерлердің екінші маусымы ашылды. Осыған орай, пресстур ұйымдастырылды. Оның аясында №79 мектеп-лицей мен №32 мектеп-гимназияға ат басын бұрдық.

Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Гүлфара Сарамбетова оқушылардың жақсы демалып, ой өрісін кеңейтуге, лагерьде әр күнді көңілді өткізуіне тілектес екенін жеткізді. Салтанатты ашылу рәсімінде құттықтау сөз сөйлеген №79 мектеп-лицей директоры Құралай Мұқшешева балдырғандарға сөзгілік тіледі.

– Қадірлі оқушылар, сіздер лагерьде қазақ халқының мәдениетімен, дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен, ана тілінің төл ерекшелігімен танысасыз-

дар. Сонымен қатар мұнда сіздерді жарқын әсерлер, жағымды эмоциялар, экскурсиялар мен жорықтар күтіп тұр. Оған қатысу арқылы интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамытасыздар. Сондай-ақ актерлік шеберлік, модельдеу, мобилография және блог жүргізу сабағы да оқытылады, – деді Құралай Балғабайқызы.

Аталған мектепте «Жұлдыз» лагерьі, «Дарындылар жазы» лагерьі, IT лагерь, туристік лагерь, этнолагерь орналасқан.

Балалар ағылшын тілі, ән-күй, қазақ тілі, дизайнер-модельер, шығармашылық, STEM мамандықтар сияқты үйірмелерге қатысады. Әр үйірменің берер тәрбиесі мен үйретері мол. Мысалы, қазақ тілі үйірмесіне барғанымызда, балалар қазақ тілінің құндылығы туралы сабақ алып, ертегі жаттап, мақал-мәтел айтып, жұмбақтар шешеді. STEM үйірмесіндегі оқушылар технология тілін меңгеріп, робот құрастырып, компьютермен жұмыс істейді. Ән әлемі үйірмесінде балалар қазақтың қара домбырасын сайратып, халық әндерін қалықтатса, этнолагерьдегі балдырғандар қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлеп, әдет-ғұрып, салт-санасымен танысады. Шын мәнінде, салт-дәстүрлеріміздің жас ұрпақ санасында қайта жаңғыруы болашағымыздың нұрлы екенін көрсетеді.

Ал №32 мектеп-гимназия лагерінің өзгешелігі сол, балаларды спортпен айналысуға шақырады әрі осы бағытта ойындар ойнатып, жаттықтырады.



Жалпы биыл қалалық білім беру ұйымдарының базасында мектеп жанындағы 97 лагерь, оқушылар қызыққан әртүрлі бағыт бойынша 75 бейіндік

лагерь жұмыс істеп тұр. Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, бұл лагерлер 1-10-сыныптың 200 мыңнан астам оқушысын қамтып отыр.

ИНСУЛЬТТАН КЕЙІН КҮТІМ КЕРЕК

Статистикаға сүйенсек, өткен жылы әлем бойынша шамамен 15 миллион адам инсульт алған. Қазақстанда да жағдай мәз емес. Елімізде жыл сайын 40 мыңға жуық инсульт тіркеледі.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қарапайым тілмен айтсақ, инсульт миға қан келу тоқтаған кезде болады. Салдары өлімге немесе мүгедектікке әкеледі. Бұған дейін инсульт 55 жастан асқан науқастарда кездессе, бұгінде 50 жасқа дейінгі адамдар да бұл аурумен бетпе-бет келеді. Астана қаласы №2 қалалық көпсалалы аурухананың инсульт орталығының меңгерушісі Әлия Иманованың айтуынша, елордада инсульт орталығы 2018 жылы Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығымен неврология бөлімшесінің негізінде құрылды. Инсульт орталығы инсультпен ауыратын науқастарға шұғыл неврологиялық көмек көрсетеді.

«Қазақстанда жыл сайын 40000-ға дейін инсульт тіркеледі, оның ішінде 5 мыңы 24 сағат ішінде, 5 мыңы 1 айдың ішінде қайтыс болады. Инсульттан аман қалғандардың 70-80 пайызы мүгедек болып қалады, ал олардың шамамен 20-30 пайызы тұрақты сырттай күтімді қажет етеді. Жалпы алғанда, инсульт – жіті жүрек ауруынан кейінгі өлімге әкелетін дерттің негізгі себебі. Әйелдерге қарағанда ерлерде өлім деңгейі жоғары» дейді инсульт орталығының меңгерушісі Әлия Асылбекқызы.

Оның айтуынша, мүгедектік бойынша инсульт алғандар алғашқы орында тұр. Статистикаға сүйенсек, тек 10 пайызы ғана жұмысқа қайта орналасады, 37 пайызы 6 ай ішінде қайтыс болады, 53 пайызы мүгедек болып қалады екен. Науқастардың орташа жасы – 41 жастан

65 жасқа дейін. Бұл, өкінішке қарай, халықтың ең жұмысқа жарамды бөлігі. Айта кету керек, инсульттан кейін адамның өмір сүру сапасы төмендейді.

«Адамдарға ең алдымен инсульт деген не екенін айтуымыз керек. Инсульт – ми қан айналымының жедел бұзылуы, нәтижесінде мидың әртүрлі бөлігінің жұмысы бұзылады. Осы ретте FAST сынағы инсульттің алғашқы белгілерін тану үшін қолданылады. Яғни күлімсіреу.



Қазақстанда жыл сайын 40000-ға дейін инсульт тіркеледі, оның ішінде 5 мыңы 24 сағат ішінде, 5 мыңы 1 айдың ішінде қайтыс болады. Инсульттан аман қалғандардың 70-80 пайызы мүгедек болып қалады, ал олардың шамамен 20-30 пайызы тұрақты сырттай күтімді қажет етеді. Жалпы алғанда, инсульт – жіті жүрек ауруынан кейінгі өлімге әкелетін дерттің негізгі себебі. Әйелдерге қарағанда ерлерде өлім деңгейі жоғары

Ол бойынша инсульт кезінде күлімсіреу қиық болуы мүмкін, еріннің бір жағындағы бұрышы жоғары емес, төмен бағытталады. Сөйлеу. Науқасқа қарапайым сөйлем айтқызыңыз. Мысалы, «Терезенің сыртында күн жарқырап тұр». Инсульт кезінде айтылу жиі бұзылады, бірақ ұдайы емес. Екі қолды көтеру. Егер қолдары бірдей жылдамдықпен көтерілмесе, бұл инсульттің белгісі болуы мүмкін. Тиісті емдеу үшін «уақыт-ми» тұжырымдамасы, инсультті ерте анықтау және нақты терапия алу үшін науқасты жақын маңдағы инсульт орталығына жылдам жеткізу өте маңызды. Біз невропатологтың қан ағымын қалпына келтіру үшін бар болғаны 6 сағаты бар екенін есте сақтауымыз керек. Дәрігер қан ұйығышын еріту үшін арнайы препаратты пайдаланады немесе хирург мидың тамырларына операция жасайды және қан ағынын қалпына келтіреді. Егер науқас ауруханаға 6 сағаттан кешіксе, дәрігерлер нақты терапияны жүргізе алмайды, себебі асқынуды пайда болуы мүмкін» дейді Әлия Иманова.

Жалпы инсульттан кейін адамға үлкен күтім керек. Оңалту маманы, невропатолог, кардиолог, нейрохирург, реаниматолог, күтім медбикесі, ЛФК нұсқаушысы және құрамына психолог кіретін мультидисциплинарлық топтың қатысуымен жеке оңалтуды қажет етеді.

Аурудың алдын алу үшін әр адам өз денсаулығына жауапты болғаны абзал. Дәрігерлердің пікірінше, инсультпен ауыратындар жиі профилактикалық шараларды сақтамайды және емхана мен скринингтен уақыты өтпейтін көрінеді.



АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ БОЛМАЙДЫ!

Темекі шегу атеросклероздың дамуын, жүрек пен ми тамырларында қан ұйығыштарының пайда болуын тездетеді. Шылым шегетін адамдарда инсульт қаупі темекі тартпайтындарға қарағанда 6 есе жоғары. Темекі шегуді тоқтатқаннан кейін 5 жылдан кейін инсульт қаупі темекі тартпайтындармен бірдей болады.

АЛКОГОЛЬДІ ІШІМДІК ІШПЕНІЗ!

Этанол қан қысымын төмендететін препараттардың әсерін төмендетеді. Этанолдың өзі қан қысымын арттырады.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫН ОРЫНДАНЫЗ!

Өзіңізді жақсы сезінген кезде шамадан тыс жұмыс жасамай, аптасына кемінде 4-5 рет 30-40 минутқа дейін серуендеңіз.

ТҰЗДЫ АЗАЙТЫҢЫЗ!

Тұзды тұтыну мөлшерін күніне 1 шай қасықтан асырмай азайтыңыз. Инсульт қаупі 23 пайызға, жүректің ишемиялық ауруынан болатын өлім-жітім 16 пайызға төмендейді.

КӨКӨНІС ПЕН ЖЕМІС ЖЕҢІЗ!

Күнделікті тұтыну инсульттің алдын алады, антиоксиданттық механизмдер белсенді бола түседі, калий деңгейі жоғарылайды. Аптасына кемінде 2 рет майлы теңіз балығын жеңіз. Инсульт қаупі 48 пайызға төмендейді. Атеросклероздың дамуына жол бермейтін көптеген полиқанықпаған май қышқылдары бар.

ҚАН ҚЫСЫМЫН ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАҢЫЗ!

Күніне 2 рет тексеріп отырыңыз. Қандағы глюкоза деңгейін, қан липидтерін мерзімді бақылаңыз. Осы ұсыныстарды орындау қайталанатын инсульт қаупін 40 пайызға төмендетеді. Жеке таңдалған дәрілерді үнемі қолдану инсульт қаупін тағы 40 пайызға төмендетеді.

Дәрігер – жауапты мамандық. Бүгінде қаламызда 3000-нан астам дәрігер елордалықтардың денсаулығы үшін еңбек етіп келеді. Солардың бірі – Сабина Саликова.

ДӘРІГЕРДІҢ МАҚСАТЫ – НАУҚАСҚА КӨМЕКТЕСУ



Ол – Астана медицина университетінің түлегі. Қазір қаламыздағы №9 емханада жұмыс істейді. Адамдардың өз кәсібін қалай таңдайтынын түсіну әрқашан қызық, біреу үшін бұл балалық арманның орындалуы, енді біреуі материалдық мақсатты көздейді. Ал Сабина өзін дәрігер болу үшін дүниеге келгенін деп есептейді. Осылайша, 10 жылын отандық медицинаға арнап, жүрек қалауы бойынша адам жанының арашасы болып жүр.

«Мен дәрігер-терапевтін. Жалпы Астана қаласы бойынша рейтинг жағынан өте жоғары емханада қызмет етемін. Мұнда дәрігерлерге арналған жұмыс кестесі ыңғайлы. Әрине, саланың өзіндік қиындығы мен қуанышы болады. Осы мамандықты таңдағаннан кейін барлық мәселеге түсіністік танытамын» дейді Сабина Саликова.

Дәрігердің айтуынша, бұл мамандықты таңдауға отба-

сы ықпал еткен. Әңгіме барысында Қазақстан медицинасы туралы өз ойын айтты.

«Қазіргі таңда еліміздің медицинасына көптеген өзгеріс қажет. Біздің жұмысымыз өте қиын. Ем алып жатқан адамдарға, медицина қызметкерлеріне жасалатын жағдай орташа деңгейде. Дәрігердің ең басты мақсаты – науқасқа көмектесу, ауырып келген кезде жылы отандық медицинаға арнап, жүрек қалауы бойынша адам жанының арашасы болып жүр. Мен дәрігер-терапевтін. Жалпы Астана қаласы бойынша рейтинг жағынан өте жоғары емханада қызмет етемін. Мұнда дәрігерлерге арналған жұмыс кестесі ыңғайлы. Әрине, саланың өзіндік қиындығы мен қуанышы болады. Осы мамандықты таңдағаннан кейін барлық мәселеге түсіністік танытамын» дейді Сабина Саликова.

Зере АМАНГЕЛДИНОВА,
Astana IT University студенті

МАМАН МІНБЕРІ

Самал БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,
«City» емханасы профилактика және әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі:

СКРИНИНГ ҚАУІПТІ АЛДЫН АЛАДЫ

– Қазіргі уақытта біздің филиалда 20 мыңнан астам елордалықты скрининг талдауынан өткізу жоспарланды. Оның ішінде балалар да бар. Емханамызға алғаш келген адамдар, ең алдымен, тіркеу кабинетіне жолданады. Тіркеліп болған соң дәрігерге дейінгі тексерістен өтеді. Бұл кабинетте науқастың бойын, салмағын, дене қызыуын, қан қысымын тексеріп, әрі қарай әйелдерді және ерлерді қарау кабинетіне жолдайды. Біздің дәрігерлер емделушілердің ауыз қуысынан бастап жіті тексереді. Егер келушінің жасы биылғы скрининг тал-



дауына сәйкес келсе, яғни жоспарланған болса, скринингтен өтеді. Скринингтен 30-70 жас аралығындағы диспансерлік кезекте тұрмайтын азаматтар өтеді. Мақсатымыз – қатерлі ісік, жоғары қан қысымы, глаукома секілді ауруларды ерте анықтап, алдын алу.



* FAST сынағы

ҚҰРСАҚТАҒЫ БАЛАҒА ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛАДЫ

Отандық дәрігерлер алғаш рет балалардың мүгедек боп тууын азайту мақсатында құрсақшілік дамудағы ақауларды түзете бастады. Фетальды оталар әлі дүниеге келмеген нәрестенің денсаулығы мен өмірін жақсартуға мүмкіндік береді.

Фетальды хирургия – медицинаның Қазақстанда қолға алынатын жаңа бағыты. Жобаны ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ауала қайырымдылық қорының қолдауымен жүзеге асыруда.

«Министрлік балалардың мүгедек болып тууын төмендетуді басты міндет деп санайды. Бұл үшін фетальды хирургия әлем бойынша ең маңызды құралдардың бірі. Біз кейінгі 30 жылдың ішінде фетальды оталар саласы бойынша ең озық әлемдік тәжірибелерді талдадық. Бұл білімдердің барлығы

Қазақстанда алғаш рет әзірленген фетальды хирургияның стандартына негіз болды. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының (Алматы) және УМС (Астана) дәрігер бригадалары Қазақстанда, шетелде фетальды хирургия бойынша ұзақмерзімді күрделі теориялық және практикалық дайындықтан өтті» деп мәлімдеді ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Елімізде фетальды хирургияны іске қосуға дайындық 2 жыл бойы жүргізілген. Ми-

нистрлік пен Ауала қайырымдылық қоры дәрігерлерге осы бағыт бойынша озық шетелдік емханаларда жеке оқытуды ұйымдастырып, шеберлік сыныптар мен семинарларға қатысуын қамтамасыз еткен.

«Қазақстанда балалардың мүгедек болып тууын төмендету – Ауала қоры үшін басты міндет. Біз Денсаулық сақтау министрлігіне елімізде фетальды хирургияны іске қосуға және қалыптастыруға көмектескенімізге қуаныштымыз. 29,3 миллион теңгеден астам сомаға перинатология және ба-

лалар хирургиясы орталығындағы ұрық хирургиясы бөлімшесін арнайы медицина құралдарымен – лазермен және фотоскоппен жабдықтауға көмектескен серіктесіміз Gasenergy компаниясына алғыс айтамын» дейді қор президенті Айдана Сүлейменова.

Айта кетейік, фетальды медицина – бұл медицинаның құрсақтағы ұрықты емдейтін жоғары мамандандырылған саласы. Яғни аз инвазивті процедура арқылы ұрықтың ерте патологиясын түзетуге және емдеуге мүмкіндік беретін инновациялық технологияларға негізделген. Енді жатыршілік ақауларды емдеу бойынша жылына шамамен 150-ге жуық ота жасалады деп жоспарлануда.

БАЛЕТ БИШІСІНІҢ БИГІ

Елордадағы еңселі өнер ордасының бірі – «Астана Операда» қазақ балетінің биік талғамын, жоғары деңгейін көрсететін жандар – театрдағы балет труппасының жетекші солистері. Соның бірі – Бақтияр АДАМЖАН. Ол балеттің бүгінгі, болашағы жайында ойымен бөлісті.



– «Қазақ балеті ешкімнен кем емес, әлемдік деңгейдегі өнер тарландарымен таласа алады» деген пікіріңізді ілгеріде айтып едіңіз, осыған алып-қосарыңыз бар ма?

– Ол рас. Менімен бір сахнада өнер көрсететін әріптестерімнің барлығы – шетінен мықты кәсіби мамандар. Шеберлігі мықты мамандармен жұмыс істеу көңілге қуаныш ұялатады. Мысалы, елімізде тұңғыш рет «Астана Опера» сахнасында Иржи Клианнның «Кішкентай өлім» бір актілі балетін елордалықтар мен қала қонақтары тамашалады. Мұндай туындының сахнамызда қойылуы – қазақ мәдениетіндегі айрықша оқиға. Бұл балеттің басты ерекшелігі сол – спектакльде түрлі түсті киімдер мен безендіру, декорация жоқ, классикалық түс – ақ пен қараның араласуы арқылы таза хореографияға негізделген. Ілгеріде астаналық журналистерге арналған баспасөз мәслихатына қатысқан Нидерланд би театрының балетмейстері әрі премьері Стефан Жеромский Иржи Клианнның көмекшісі болған екен.

– Нидерланд балетмейстерімен жұмыс істеу ұнады ма, өнердегі достық қарым-қатынастың берері көп пе?

– Маған Стефан Жеромскиймен жұмыс істеу ерекше әсер етті. Мұнда музыканың ноталарымен үйлескен хореография бар, әрбір бишінің мүмкіндігін ашып, Клианнның хореографиясы арқылы қазақ сахнасының көрермендерін таңғалдыру, тамсанту – біз секілді өнер иелері үшін зор мәртебе. Әртістердің би барысындағы бір-біріне бейімі, ұжымдаса еңбек етуі – С.Жеромскийдің асқан шеберлігінің арқасы. Әр бишінің ерекше қыры ашылды десе болады. Себебі хореографияны музыкаға бейімдеу, оған физикалық тұрғыдан дайын болу, көрерменге эмоция арқылы әсерлі ету оңай емес. Бұл жерде махаббатты кішігірім өлім деп адамға түрлі әсерін астарлап көрсетеді, оны сахнада көрсету нағыз шеберлердің ғана қолынан келер дүние екен. Әр нотаға қойылған іс-қимыл бар, одан сәл кешігетін болсақ, келесі нотадағы қимылдарға тіптен ілесе алмайсың – қойылым осынысымен ерекшеленеді деп айтар едім. Бишілер қатар тұрғанда үндестік керек, алдыңғы жақтағы, арттағы, қатардағы адамдармен жіті байланыста болып, ұжымдаса атқаратын қимыл-қозғалыс көп кездесетіндіктен, тіпті тынысымызға дейін бірдей болуы өте маңызды. Жетекші балет солисі осы ортақ тәртіпке, ішкі үйлесімге сай билеуі тиіс. Жұдырықтай жұмылып, бірлесе әрекет еткеннің, ұжымдық ерен еңбектің арқасында осындай тың, тамаша дүниелер қазақ сахнасында дүниеге келе бермек деген ойдамын. Бұл балет – мен деген қаншама алпауыт театрлардың еншісіне байланбаған, сахнасында қойылмаған туынды. Шетелде қанша рет болдым, тіпті еуропалық театрлар қоя алмаған бұл туындының елімізде

көрсетілуі – бізге берілген бақ, сәтті жеңіс. Жалпы біздің кез келген шығармамызды әлемнің қай елінде қойса да жоғары бағаға, көрермендердің зор ықыласына ие болары сөзсіз. Тіпті жанкүйерлері де көптеп табыларына бек сенімдімін. Қатарынан бес рет халықаралық байқауда жүлделі орынға ие болған театр әртістерінің жарнамасы жер жарып, әлемнің түкпір-түкпірінен белсенді көрерменнің көбейгені – біз үшін мақтаныш, зор мәртебе.

– Болашақта ізіңізден еретін шәкірттерді тәрбиелеу ойыңызда бар ма?

– Қазақ балетіндегі өзіндік қолтаңбаммен, тәжірибеммен, бұйырса, бөліскім келеді, жастарға білгенімді үйреткім келеді. Оның барлығы алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймын.

– Алдағы уақытта қазақ балетінің жарқын сәттерін бейнелейтін кинокартиналарға түсу туралы ұсыныс түссе, қабылдар ма едіңіз?

– Әрине, ондай ұсыныс болып жатса, қуана келісер едім.

– Қазақ балеті бұдан да биік деңгейге жету үшін не керек деп есептейсіз?

– Жалпы алғанда, біз ұлттық нақыштағы балетті, классикалық дүниелерді жер жүзіне абыроймен насихаттап жүрген өнер ұжымымыз. Алдағы қыркүйек айына дейін Санкт-Петербург, Ыстанбұл, Словения, Мексика, Испания, Нью-Йоркке, қазан айында Жапонияға өнер сапарымен барамын. Әрі қарай Қытай, Италия, Франция елдерінде өнер көрсетемін.

– Балет өнері – қазақ үшін тың тақырып. Осы салаға келуіңізге не себеп болды?

– Мені 10 жасымда ата-анам балетке алып келіп, қолдау көрсетті. Өзім Алматы облысы Сарыөзек ауылының тумасымын. Алматы қаласындағы А.Селезнев атындағы хореография училищесінде оқыдым. Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында жұмыс істедім. 2013 жылдан бері «Астана Опера» сахнасында өнер көрсетіп келемін.

– Өзіңізге ең қатты ұнайтын кейіпкеріңіз кім?

– Маған ең ұнайтын кейіпкерім – Спартак. Ежелгі Спарта туралы сыр шертетін шығармадағы осы образ ішкі болмысы, дүниетанымы, жаратылысы жөнінен маған ең жақыны, ең ыстығы.

– Қандай рөлде ойнауды армандайсыз?

– Балеттегі ең сүйекті шығармаларда мықты образдарды жеткілікті сомдады деп есептеймін, орындалуы тиіс рөлдерде өзімді лайықты көрсеттім деп ойлаймын. Ендігі мақсат – қазақ балетінің биігін әлемдік сахналарда паш етіп, насихаттай беру.

– Былтыр жарақаттанып қалдыңыз, бірақ көп ұзамай үлкен сахнаға қайта шықтыңыз. Өнердегі жанкештілік денсаулығыңызға нұқсан келтірген жерлері бар ма, жалпы өнер жолы құрбандықты қажет ете ме?

– Иә, аяқтың бақай сүйегін сындырып алып, жарақаттанып қалдым, бірақ жазылмай жатып сахнаға шығуға тура келді. Үш күн қатарынан ауырсынуды басатын дәрі ішіп, «Спартаға» солай шығып жүрдім. Рөлді жоғары деңгейде көрсету керек болды. Ештеңе оңай келмейді, я денсаулық, я қазақ балетінің болашағы деген тандау тұрса, сөз жоқ, балетті тандар едім.

– Отбасыңыз туралы айтсаңыз. Балаңыз осы жолды таңдаса, құптар ма едіңіз?

– Зайыбым «Астана Опера» театрының симфониялық оркестрінде флейта аспабында өнер көрсетеді. Өнерлі отбасымыз. Үш баламыз бар. Өнерге жақын болып өсіп келеді. Балет өнерін таңдаса, қадамын құп аламын деген ойдамын. Себебі керемет өнер ордасында, әдемі, тату ұжымда, тамаша әріптестеріммен жұмыс істей жүріп, шынығып, денсаулығымды нығайтамын, өз ісімнен ләззат аламын, сондықтан жақсы ортада жүрмін деп есептеймін. Балаларым осы жолды таңдаса, қуана қолдар едім.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Біз дауылға қарап қарсы өскен, қамшысын ұстап дау шешкен бабалардың ұрпағымыз деп мақтанамыз. Ал қазір сол бабаларымыздың бойындағы қасиет біздің бойымыздан қаншалықты көрініп жүр? Ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мұрасы мен жәдігерлерін қадірлей алып жүрміз бе?

АЛТЫ ТАСПА ҚАМШЫДА – АЛТЫ АЛАШТЫҢ ТАРИХЫ

Шапағат
ӘБДІР

Қазақ қайғысын қамшысы арқылы білдірсе, өкпесін де қамшысы арқылы айтып, ашуын да сол арқылы таратып келген халық еді. Олай дейтініміз, ел арасында қамшы туралы қауесет көп. Қамшыны қазақ халқы тіл жете бермейтін, айтуға ауыр болатын сөздердің орнына қолданған. Осы ретте Әз Жәнібек ханның Жиреншеге көңіл айтып, Қарашаштың өлімін естіртуін мысал етіп атап өтсек болады.

Қамшы – қазақтың қаруы, биліктің, батырлықтың символы. Биліктің белгісі болатын себебі ежелгі қазақтар арасында дауға келген билер киіз үйдің ішінде айнала отырып, даурыға сөйлеуге жол бермей, кезегі келгенде ортаға қамшы тастаған. Бұл – мен сөйлеймін дегені. Оған қасындағылар қарсылық білдірмей, жол беріп кезегін күткен. Ал енді қару болатын себебі қазақ жігіттері қамшысыз жүруді ар санаған. Өйткені қамшы бес қарудың қатарына кірмегенмен, бір өзі бес қаруға татиды. Сондықтан алаш азаматының қарымын қамшы сілтеуіне қарап бағалаған.

Тарихта қамшыгерлер туралы аңыз көп. Сол аңыздың бірінде бір жолаушы жоқ іздеп жүріп біреудің келесіне кездеседі. Алайда келесін қызғанған жараған бұра аузынан көбігін шашып, әлгі жолаушыны қуа бастайды. Міне, сол кезде жолаушы қолындағы қамшымен артынан қуған бұраның қақ маңдайынан тартып кеп жібереді. Жігіттің қарымына шыдамаған жілікті бұра орнында серейеді. Алайда іс мұнымен бітпейді. Өлген бұрасын даулаған иесі билерге жүгінеді. Билер қамшыгер жігітті ортаға алып, оның бір қамшы сілтегенінен бұра өлді дегенге сенгісі келмейді де, оны сынап көрмекке, бір жағынан әділ шешім шығармаққа жаңа сойылған түйенің талыстай терісін кере ағашқа байлап қойып, жігітке соны қамшымен тартып өтуді бұйырады. Сол кезде сонадайдан атымен шауып келіп алты таспа қамшысымен салып келіп жібергені сол-ақ екен, әлгі керілген тері екі жаққа айырылып кете барыпты. Мұны көріп таңғалысқан билер оның қамшысынан бұраның өлгеніне сеніп, түйесін даулаған иесінің өзіне айып арқалатқан екен. Міне, бұдан біз қазақтың қару ретінде қамшыны қалай қолданғанын біле аламыз. Сонымен қатар ел ішінде қамшы өрімінің ұшына қорғасын құйдырып жасататындар болған. Бұл өзіне келген түрлі қатерден қорғану мақсатында істелген шаруалардың бірі екенін аңғару қиын емес. Ал қамшының кейбір ауызбен айта алмайтын сөзді айтатын қасиетіне келсек, бір жерге құда түскісі келген аталарымыз әуелі сол үйдің қонағы болып, кетерде керегесіне қамшысын іліп кететін. Мұнысы – құда түссем қарсы болмайсыңдар ма деген ишараты. Оны білген үй иесі қызының айттырып қойған жері болса, қамшысын есікке іліп қоятын болған. Ал қарсылығы жоқ болса, төрге іліп қояды. Қамшының иесі болса, екінші жолы келгенде өзіне берілген жауапты осылайша айтқызыбай алып қайтқан.

Қамшы сап алатын кезде тобылғыны тұтамдап кеседі. Тобылғының өлшемі бес тұтам болса, қамшы сапқа жарамды деп ұғынған. Сондықтан да бес күн жалғанды «қамшының сабындай қысқа өмір» деп топшылаған халқымыз. «Қамшының сабына неге қарағайды немесе басқа ағашты таңдамайды?» дегенге келсек, мұның да өзіндік наным-сенімі болған. Біріншіден, тобылғыны қазақ қасиетті деп есептейді. Екіншіден, тобылғы топ болып өседі әрі өте сәнді көрінгенінен бөлек, шыдамды болады. Сондықтан тобылғыны ырыдап қамшысына сап етіп



алса керек. Қамшыны құрметтеген қазақ «Ұл болсаң қолыңда, құл болсаң төбеңде ойнайды» деп кесімін шығарып айтып тастаған. Сонымен қатар қазақ қамшыны ешқашан да үйге сүйретіп кірмеген. Әрі аяқ жаққа тастамаған, қайта қадірлеп төріне ілген. Басқа жабдықтармен қосып майламаған да. Өйткені «Жүген майласа ырыс, қамшы майласа ұрыс» деп есептеген. Сондай-ақ қамшы сапты тобылғы гүлдегенде емес, қатуын күтіп, көбінде қыс мезгілінде алатын болған.

Ұлтымыздың сөзі, тарихының көзі – қамшы. Бір халықтың мәртебесінің де, махаббатының да байламы болған қарапайым ғана қамшы біздің мәңгі төрімізден түспеуі тиіс. Алты таспа қамшы өрімінде алты алаштың тарихы жатыр. Тобылғы сапты қамшы ұстап, тобылғы торы ат мініп өскен қазақтың баласы атауға ежелден ерекше мән берген. Мәселен, қамшының дайындалатын орнына, қолданылатын материалына, жасалу үлгісіне қарай бірнеше топқа бөліп, атау берген. Мысалы, атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүр бойынша бала сүндетке отырғанда оған беретін қамшыны «сүндет қамшы» деп атаған. Ал бала бәйгеге мінген кезде оған арнайы «бәйге қамшы» ұстатады немесе жасатады. Ол басқа қамшыларға қарағанда жеңіл болуы тиіс. «Көкпар қамшы» жуандау және қысқалау болады. Атты сабалап ұрғанда шабына тимеу керек. Әрі айналып келіп адамның өзіне де зақым келтірмеуі маңызды. Ал балуандар мен ел ішіндегі сүйекті жігіттердің ұстайтын қамшысын «дойыр қамшы» деп атаған. Тағы бір қамшы «неке қамшы» деп аталады.

Сабы мен өрімінен бөлек, қамшының бүлдіргесі, кекілдігі, бауырдағы, алақаны деген сияқты бөліктері болады. Әр бөліктің өзінің орны мен атқаратын қызметі бар.

Қамшысы мықты адамды халқымыз «қамшыгер» деп қадір тұтқан. Бұл өнер болып саналған. Егер қамшыгерлікті батырлыққа, өткірлікке баламаса, онда аспандағы жарқылдаған найзағайдың өзін қазақ «Құдайдың қамшысы» деп атамаған болар еді. Оның өрімінің өзінде ұлтымыздың басып өткен жолдарының өрнегі жатқандай сезіледі. Жалпы қамшысын қолға алған қазақ не дауды, не жауды тоқтатқаны тарихтан белгілі. Сондықтан малшының да, аңшының да қаруы болған қамшының қадірін қашырмайық. Аттан түссек де қамшымыз қолдан түспесін, қолдан түссе де төрден түспесін!

ДҮЙСЕНБІ

24 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм
6:30 «Тіршілік».
7:00 «ТАНШОЛПАН».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӨТТИ». Реалити шоу
13:50 «47 баланың анасы». Телехикая.
14:45 «Дала дәмі».
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2024.
16:15 «Сырғалым». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «47 баланың анасы». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама.
23:50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2024. Тикелей эфир
2:00 АҚПАРАТ
2:30 Футбол. UEFA EURO 2024.
2:50 ФУТБОЛ. СОРА АМЕРИКА 2024.



5:00 Комедия. «Несносные леди»
7:00 Тикелей эфирде «Оян!»
10:00 «Біздің назарда»
10:20 Мультфильм. «Братья Медведи»
11:40 Мультсериал. «Том Сойер»
12:00 Телехикая. «Тағдырға сен 2»
14:00 Телехикая. «Келінжан»
14:00 Телехикая. «Шашу»
15:00 Телесериал. «Следствие любви»
17:00 Новости
18:25 Ток-шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
18:25 Ток-шоу. Талқы
19:00 Телехикая. «Тағдырға сен 2»
20:45 Телехикая. «Келінжан»
21:30 Тикелей эфирде «Хабарліке»
22:30 Телесериал. «Следствие любви»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:45 «Маша и медведь» мультсериал
09:00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
12:00 «Құрақ» телехикаясы
13:10 «Көкжалдар әміршісі» телехикаясы
14:10 «BasTimes»
15:00 «Склифосовский 9» телесериал
17:15 «Айтарым бар» тикелей эфир
18:15 «Маркус» телесериал
20:00 «Астанатимес»
21:00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21:55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23:20 «Көкжалдар әміршісі» телехикаясы
00:10 «Склифосовский 9» телесериал



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
9:00 «ТЕЛЕ-БҮМ». Прямой эфир
9:10 «Смoтpим всей семьей. «ИЮКО И ДРУЗЬЯ»
10:40 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:15 Фильм «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Фильм «УСЛОВНЫЙ МЕНТ 4»
0:35 «ИНКВИЗИТОР». Многосерийный фильм
1:35 Ночной кинотеатр. «РАНЕВСКАЯ». фильм
2:25 «НОВОСТИ»
2:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»



7:05 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ»
7:40 «ЖАТ ТҮЫСТАР», отандық телехикая.
9:10 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа (повтор)
13:00 «ДРУЖБА ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ», криминальная драма (повтор)
15:05 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
18:30 «СТАЖЕР», детективная мелодрама.
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:35 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:40 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ», мелодрама
1:50 «ДРУЖБА ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ», криминальная драма (повтор)
3:30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
4:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
4:40 «ЖАТ ТҮЫСТАР», отандық телехикая (қайталау)
5:25 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын (новый)
08:00 TikTok show
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»
09:00 «Құйындар мекені» телехикаясы
12:00 КИНО. Баян Алагузова, Қуандық Шакиржанов в комедии «Донор»
14:50 КИНО. Джеки Чан в боевике «Полицейская история-3» (повтор)
17:10 КИНО. Джеки Чан в боевике «Новая полицейская история»
20:00 Информбюро (рус/каз)
